



«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

3-деңгейлі СМЖ құжаты

2020 ЖЫЛҒЫ « 30 » 11
№1 редакция

Қ 029-06-01.3.02 – 2020

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы
30 қарашадағы №8 шешімімен БЕКІТІЛДІ



«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті» КЕАҚ
профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына
конкурстық орналасу туралы
ҚАҒИДАСЫ

Қ 029-06-01.3.02 – 2020

АЛҒЫСӨЗ

**1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Әкімшілік департаментінде
ӘЗІРЛЕНДІ**

"Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ HR қызметімен өзгертілді

**2 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ құрылымдық бөлімшелерімен
КЕЛІСІЛДІ**

**3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Директорлар кеңесінің 2020
жылғы «_30_» _11_ №_8_ шешімімен БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Жалпы ережелер	4
4	Конкурстық комиссияны құру	5
5	Құжаттарды қабылдау	5
6	Кафедраның қорытындысы	6
7	Комиссияның жұмыс тәртібі	7
8	Жас мамандарды қолдау	8
9	Зейнеткерлік жастағы ғалымдарды қалдыру	9
10	Қорытынды ережелер	9
	Қосымшалар	10
	Өзгерістерді тіркеу парағы	14

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары (бұдан әрі - Қағида) Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ) профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Осы Қағидалардың күші қолданылатын лауазымдарға институттар директорларының орынбасарлары, кафедра меңгерушілері және ҚазҰТЗУ оқу бөлімшелерінің профессор-оқытушылар құрамы: профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы, ассистент, университеттің штат кестесінде көзделген лауазымдар (бұдан әрі бірге - ПОҚ) жатады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы Қағида:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;
- ҚазҰТЗУ-дың Жарғысы мен өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 ПОҚ лауазымдарына орналасуға кандидаттарды конкурстық іріктеу ҚазҰТЗУ ПОҚ лауазымдарына белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3.2 ПОҚ бос лауазымдарына орналасу конкурсына белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысу туралы өтініш берген тұлғалар жіберіледі:

- ҚазҰТЗУ қызметкерлері болып табылмайтын үшінші тұлғалар;
- ағымдағы оқу жылында мерзімі аяқталмайтын (жазғы кезеңді қоса алғанда) қолданыстағы еңбек шарттары бар ҚазҰТЗУ-дың ПОҚ қатарынан ПОҚ неғұрлым жоғары позициясына ауыстыру туралы өтініш берген қызметкерлер;
- университеттің басқа да қызметкерлері (ӘБП, ОКП, ғылыми қызметкерлер қатарынан).

3.3 ПОҚ конкурсын өткізу мерзімдері ҚазҰТЗУ ректорының тиісті бұйрықтарымен регламенттеледі.

3.4 ПОҚ бос лауазымдарына орналасу конкурсы туралы хабарландыру ҚазҰТЗУ сайтында конкурс басталғанға дейін 15 күннен кешіктірілмей жарияланады.

4 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ

4.1 Конкурстық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) құрамын университеттің Ғылыми кеңесі айқындайды және ректордың бұйрығымен бекітеді.

4.2 Комиссия келесідей құрамда құрылады: Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары (орынбасарлары), Комиссия мүшелері (кемінде 3) және хатшы (лар). Комиссия хатшысының дауыс беруге құқығы жоқ.

4.3 Комиссияның төрағасы ректор немесе тиісті мәселелерге жетекшілік ететін проректор болып табылады.

4.4 Проректорлар, институт директорлары, басқа құрылымдық бөлімшелердің басшылары және т.б. мүше бола алады.

Комиссия құрамына міндетті түрде қызметкерлердің өкілі - қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің өкілі немесе ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы уәкілеттік берген өзге тұлға кіреді.

4.5 Орындылығын ескере отырып, институттар бойынша, сондай-ақ лауазымдардың әртүрлі санаттары бойынша Комиссиялардың әртүрлі құрамдары бекітілуі мүмкін.

5 ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

5.1 ПОҚ бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттар пакетін Университет сайтында "Бос орындар" бөлімінде орналастырылған үлгі арқылы онлайн тапсыруы тиіс:

1. Өтініш (үлгіні толтырған кезде автоматты түрде жасалады);
2. Жеке куәліктің көшірмесі;
3. Байланыс деректері көрсетілген қызметтік тізім (толтыруға арналған нысан сайтта қолжетімді);

4. Кәсіптік білімін растайтын құжаттар: жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, академиялық/немесе ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы туралы дипломдардың нотариалды не алдыңғы жұмыс орны бойынша куәландырылған сканерленген көшірмелері;

5. Соңғы 3 жылда оқытылатын пәндер бойынша кемінде 72 сағат көлемінде қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың, шетелдік тағылымдамадан өткендігін растайтын сертификаттардың, білім берудегі менеджмент курстарының (бар болса), шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттардың және т.б. көшірмелері;

6. Үміткерлердің еңбек өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7. Әрбір жобадағы өз рөлін көрсете отырып, соңғы 5 жылда орындалған ғылыми жобалардың, ғылыми еңбектердің және зияткерлік меншікке патенттердің (өнертабыстардың) куәліктерінің жұмыс орны бойынша расталған тізімі;

8. egov.kz алатын анықтамалар: соттылығының болуы/ болмауы, психиатриялық, наркологиялық есептің болуы / болмауы туралы, адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер, Қазақстан азаматтары үшін 075/Е және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін 028/Е медициналық анықтаманың көшірмесі.

Құжаттар электронды нұсқалар және құжаттардың сканерленген көшірмелері түріндегі нысан арқылы онлайн түрде беріледі.

Конкурс өткізу кезінде кандидаттар құжаттардың түпнұсқалығын салыстыру үшін белгіленген тәртіппен (нотариалды не алдыңғы жұмыс орны бойынша) куәландырылған құжаттардың түпнұсқаларын (қажет болған жағдайда) тапсырады.

Үміткерлер сондай-ақ олардың біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты өзге де құжаттарды (ұсыным хаттар, сипаттамалар, тілдік даярлық туралы сертификаттардың көшірмелері, қатысушының кәсіби деңгейін, оның кәсіби саладағы үздік жетістіктерін растайтын өзге де құжаттар және т.б.) ұсына алады.

5.2 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген ҚазҰТЗУ ПОҚ қызметкерлері Қағиданың 8-тармағынан басқа 5.1-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырады.

5.3. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттар тиісті кафедраға олардың түсуіне қарай немесе құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде қарауға беріледі.

6 КАФЕДРАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1 ПОҚ лауазымдарына орналасуға конкурсқа қатысушылардың құжаттарын (институттар директорларының орынбасарларынан, кафедра меңгерушілерінен басқа) алдын ала қарау кафедра отырысында жүргізіледі.

Кафедра конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттардың тиісті лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды, кандидаттармен әңгімелесу өткізеді.

6.2 Конкурсқа қатысушы (ҚазҰТЗУ ПОҚ қызметкерлерін қоспағанда) өзі оқытатын пәннің презентациясын өткізеді (дәрістің және/немесе семинардың 10-15 минуттық үзіндісі).

6.3 Құжаттарды қарау, әңгімелесу және презентация нәтижелері бойынша кафедралар кандидаттарды бағалайды және қысқаша негіздеме келтіре отырып, кандидаттың қажетті лауазымға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды береді.

6.4 Кандидаттарды бағалау кафедра отырысына қатысқан штаттық ПОҚ көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Дауыстар тең болған жағдайда кафедра меңгерушісінің дауысы шешуші болып табылады.

6.5 Егер отырысқа кафедраның штаттық профессор-оқытушылар құрамының кемінде 50% қатысса, кафедраның қорытындысы жарамды деп есептеледі.

6.6 Ұсынымдық сипаттағы кафедраның қорытындысы Комиссияның қарауына ұсынылады.

6.7 Қажет болған жағдайда кафедра отырысы қашықтан, online режимде ұжымдық бейне және аудио байланыс, ұялы байланыс, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

7 КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1 Конкурсты өткізу барысында Комиссия төрағасы конкурсқа қатысушылардың әрқайсысы бойынша кафедралардың қорытындыларын жариялайды, кандидаттармен әңгімелесу өткізіледі, оның барысында конкурсқа қатысушыға мамандығы, педагогика, кәсіби қызметі және т.б. бойынша сұрақтар қойылады.

ҚазҰТЗУ ПОҚ қызметкерлерімен қайта әңгімелесу жүргізілмеуі мүмкін.

7.2 Құжаттарды қарау және әңгімелесу нәтижелері бойынша Комиссия 2-қосымшаның нысаны бойынша жасалған жасырын дауыс беру бюллетеньдерін толтыру арқылы әрбір кандидат бойынша жасырын дауыс береді.

7.3 Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша Комиссия әрбір үміткер бойынша "Еңбек шартын жасасуға ұсыну" немесе "Еңбек шартын жасасуға ұсынбау" деген тұжырыммен және кандидатпен еңбек шартының ұсынылатын мерзімімен (1 жыл немесе 3 жыл) ұсынымдар қабылдайды.

7.4 Жасырын дауыс беру бюллетеньдері бойынша дауыстарды санау үшін Комиссия құрамында кемінде үш комиссия мүшесінен тұратын есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы дауыстарды санау нәтижелері бойынша әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды. Есеп комиссиясы хаттама жасайды, оған есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды, Комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

7.5 Егер дауыс беруге Комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, Комиссияның конкурстық процедураны өткізу кезіндегі шешімі жарамды болып табылады.

7.6 Қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілігінің оң ұсынымдарын алған тұлға конкурстан өтті деп танылады. Дауыстар тең болған жағдайда (оң және теріс ұсынымдар) төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

7.7 Конкурсқа қатысушыларды қарау конкурсқа қатысушының құжаттарын талдау, кафедра меңгерушісінің (институт директорының) пікірі негізінде олардың жеке қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

Конкурсқа қатысушылардың конкурс бойынша өтуі туралы шешім осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қабылданады.

Комиссия конкурсқа қатыспаған қатысушылардың деректері жеткіліксіз болған кезде қараудан бас тартуы мүмкін.

7.8 Жекелеген жағдайларда Комиссия ПОҚ неғұрлым жоғары лауазымдық позициясына өту үшін тұлғаны қарауды ұсынуға құқылы.

Мұндай жағдайда Комиссия шешімді қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды.

7.9 Комиссия дауыс беруді өткізе алады және осы Қағидаларда көрсетілмеген конкурстық процедураны өткізуге байланысты өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар қабылдай алады.

7.10 Конкурсқа барлық қатысушылар бойынша ұсынымдарды қамтитын Комиссия отырысының хаттамасын Комиссия хатшысы жасайды және оған Комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Хаттамаға Комиссияның барлық мүшелерінің жасырын дауыс беру бюллетеньдері, есеп комиссиясының хаттамасы және Комиссия отырысына қатысқан Комиссия мүшелерінің қолы қойылған комиссия отырысының келу парағы қоса беріледі.

7.11 Конкурсқа қатысушының сұрау салуы бойынша Комиссия хатшысы Комиссия отырысының хаттамасынан тиісті тұлға бойынша Комиссияның ұсынымдарын қамтитын үзінді көшірмені ұсынады.

7.12 Кафедра меңгерушілері конкурс қорытындылары туралы қызметкерлер мен конкурсқа қатысушыларды хабардар етеді.

7.13 Конкурстық процедура аяқталғаннан кейін Комиссия хатшысы HR қызметіне сақтау үшін құжаттардың түпнұсқаларын (хаттамалар, келу парақтары, бюллетеньдер және т.б.), сондай-ақ қызметкерлердің жеке істеріне қосу үшін комиссия отырыстарының хаттамаларынан үзінділерді тапсырады.

7.14 Конкурсты техникалық құралдарды пайдалана отырып online режимде өткізу кезінде келу парақтары мен жасырын дауыс беру бюллетеньдері жасалмайды.

8 ЖАС МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАУ

8.1 ҚазҰТУ дарынды жас мамандарға қолдау көрсету қағидатын ұстанады.

Аталған санатқа GPA кемінде 3,5 балл немесе өзге де көрнекті академиялық/ғылыми жетістіктері бар Қазақстанның және шетелдің жетекші ЖОО түлектері (оның ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқығандар) жатады.

8.2 Аталған мамандарға Комиссияның шешімі бойынша жас маманның біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін лауазымнан бір саты жоғары лауазымға орналасу құқығы берілуі мүмкін.

8.3 Комиссияның шешімі бойынша дарынды жас мамандарға сол лауазымға үміткер конкурстың басқа қатысушыларынан артықшылық беріледі.

9 ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСТАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫ ҚАЛДЫРУ

9.1 ҚазҰТЗУ жас шектелімі туралы қағидаларды ұстана отырып, сыртқы тапсырыс берушілер қаржыландыратын, жеке ғылыми жобалары бар (ғалымның өзі жетекші болып табылатын) зейнеткерлік жастағы ғалымдарды қолдайды.

Мұндай ғалымдар оқытушылық жұмысты көздейтін ағымдағы келісім-шарт аяқталғаннан кейін зерттеуші-профессор (аудиториялық оқытусыз) лауазымына ауыстырылуы мүмкін.

9.2 Профессор-зерттеуші лауазымына ауыстыру ғалымның сыртқы қаржыландыруы, өзінің ғылыми жобасы болған кезде Конкурстық комиссияның шешімінсіз жүзеге асырылуы мүмкін.

10 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1 Конкурсқа қатысушылар Комиссияның шешіміне белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

10.2 Осы Қағидалармен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

1-қосымша

ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМ

Фотосурет

1 ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

(жеке куәлігімен толтырылуы тиіс)

Ағымдағы жұмыс орны: _____

Ағымдағы лауазымы: _____

e-mail: _____

Ұялы телефон нөмірі: _____

ЖСН _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі)

Туған күні (күні, айы, жылы)	
Туған жері	
Ұлты*	
Отбасы құрамы	
Білімі	
Академиялық дәрежесі	
Оқу орнын бітірген жылы және оқу орнының атауы	
Мамандығы бойынша біліктілік талаптары	

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Дипломатиялық дәрежелер	
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	
Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары	
Тәртіптік жазалар туралы мәлімет	
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазалар туралы мәлімет	
Аттестациядан өткен күні және нәтижелері	
Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні	...

II. ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		Лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	босатылған	

III. ОҚЫЛАТЫН ПӘНДЕР

Оқылатын пән	Білім беру бағдарламасының шифрі

IV. ЕҢБЕК ӨТІЛІ

Жалпы еңбек өтілі (жылдар бойынша)	
Мамандығы бойынша еңбек өтілі (жылдар бойынша)	
Ғылыми-педагогикалық өтілі (жылдар бойынша)	

V. АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУ ДЕҢГЕЙІ

Деңгей	Белгі (+)	Растайтын құжат/берілген күні/дейін жарамды
Бастапқы (A1)		
Бастапқыдан жоғары (A2)		
Ортаңғы деңгей (B1)		
Ортаңғыдан жоғары (B2)		
Жоғарғы (C1)		
Кәсіби (C2)		

VI. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУ:

Ғылыми жобаның атауы	Тапсырыс беруші	Рөлі	Мәртебесі	Жылы

VII. ЖАРИЯЛАНЫМДАР ТІЗІМІ

Отандық басылымдарда (жылы, атауы)	Шетелдік басылымдарда (жылы, атауы, квартилі)	Халықаралық конференциялардың іс жүргізуінде (жылы, атауы)	Оқулық, оқу құралы, монография (жылы, атауы)

VIII. H-ИНДЕКС / ХИРШ ИНДЕКСІ

h-индекс _____

2-қосымша

**Жасырын дауыс беру бюллетені
конкурстық іріктеу бойынша**

Комиссияның 201__ жылғы «__» _____ отырысы № __ хаттама
кафедра _____
институт _____

№	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Дауыс беру нәтижелері	
			Ұсыну 1 жыл 3 жыл	Ұсынбау
1.			Ұсыну 1 жыл 3 жыл	Ұсынбау
2.			Ұсыну 1 жыл 3 жыл	Ұсынбау
3.			Ұсыну 1 жыл 3 жыл	Ұсынбау

Ескертпе:

Дауыс беру кезінде Комиссия мүшесі дауыс берудің тиісті нұсқаларын сызу немесе дөңгелектеу арқылы әрбір кандидат бойынша өз ұстанымын анық және нақты білдіруі тиіс.

Өзгерістерді тіркеу парағы _____*құжаттың атауы*

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, трамағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы